

Тарих пәнін оқытудағы инновациялық бағыттар мен интерактивті әдістердің тиімділігі

Кез-келген елдің тарихы дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі болып, ғылым, пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың, қоғамның басынан өткізген жағдайын, тарихи тәрбиесін баяндайды. Тарихи білім, тарихи мағлұмат, тарихи дерек әрбір адамзат баласына қажет.

Тарихты оқытудағы мақсат аталған пәннің танымдық міндеттерін шешудегі іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін қалыптастыруға бағытталады. Дәріс сабағында кез-келген білімгер кішігірім пікір-таластарға қатысуға, тақырып бойынша дәріскерге сұрақ қойып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруге дайын болуы керек. Осылайша оқытушының бір сарынды жүргізуіне қарағанда дәрістің жұмысы жандана түседі. Білімгерлердің әр сабақтағы тақырыптар бойынша семинар сабақтарына берілетін тапсырмаларды өз бетінше орындауы маңызды болып саналады. Студенттің аудиториялық сабақтарға өз бетінше тыңғылықты дайындығы пәннің тиімділігі мен оқытудың сапасын арттыра түседі.

Тарих пәнін оқытудағы негізгі инновациялық әдістер оқытудың интерактивтік тәсілін қолданумен тікелей байланысты. Оқытудың интерактивті тәсілі білімгерлердің өзара әрекет ету қабілеттілігін арттырады. Интерактивті оқыту негізінен диалогқа түсу, яғни оқытушы мен студенттің өзара әрекеті арқылы жүзеге асырылады, әрі оқытудың бұл тәсілі танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы түрі болып табылады. Сондай-ақ аталған тәсіл нақты мақсатқа ие. Оқытудағы қолайлы шарт білімгерге өзінің табыстылығын, дарындылығын сезінуге мүмкіндік беріп, оқытудың сапасын жоғарлатады.

Интерактивті оқытудың мәні оқу үрдісі іс жүзінде барлық тренинг топтарының студенттері таным процесіне қатысуы ұйымдастырылып, олар білетін және ойланатын нәрселер туралы түсінуге және ойлануға мүмкіндік береді.

Тарих сабақтарындағы интерактивті қызмет өзара түсіністікке, өзара әрекеттесуге, маңызды міндеттерді бірлесіп шешуге дағдылайды. Интерактивті тәсіл бір спикердің үстемдігі мен жалғыз біреудің пікірін жоққа шығарады. Интерактивті оқыту барысында студенттер сыни тұрғыда ойлауға, жағдайды және тиісті ақпаратты талдауға, балама пікірлерді өлшеп, ойланатын шешімдер қабылдауға, пікірталасқа қатысуға және күрделі мәселелерді ортақ шешуге үйренеді. Осы мақсатта семинарларда жеке, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылып, ғылыми жобалар, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттар және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.

Интерактивті технологияларды жан-жақты деп санауға болады. Олар көптеген технологиялардың дамуын қорытындылайды: олар ойлаудың дамуын, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытуды қамтамасыз етеді. Интерактивтік технологиялардың бөлігі болып табылатын техникалар мен әдістердің үлкен арсеналына байланысты, әрбір мұғалім өзіне жақын адамдарын таңдай алады. Интерактивті оқыту түрі пайдаланған кезде оқытушының рөлі түбегейлі өзгереді, ол тек процесті реттейді және жалпы ұйымдастырумен айналысады, қажетті тапсырмаларды алдынала дайындайды және топтарда талқылау үшін сұрақтарды немесе тақырыптарды тұжырымдайды, кеңес береді, белгіленген жоспардың уақыты мен тәртібін бақылайды. Қатысушылар өздерінің және басқа адамдардың әлеуметтік тәжірибесіне сүйенеді, алайда олар бір-бірімен сөйлесуге, міндеттерді бірлесіп шешуге, қақтығыстарды жеңуге, ортақ байланыс нүктелерін табуға, ымыраға келуге тиіс.

Тарих пәнін оқытуда жаңа инновациялық әдістердің бірнеше түрі қолданылады. Олардың ішінде ең тиімдісі, әрі студенттердің пәнге деген белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізетін әдістер- кейс әдісі, зерттеу әдісі және проблемалық әдіс.

Кейс әдісі нақты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ол студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, мағлұматты талдауға, әр түрлі оқиғаларды саралауға ықпал етеді.

Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

- 1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);
- 2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.
- 3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

Тарих пәнін оқытуда CASE STUDY әдісі келесі дағдыларды дамытады:

1. Аналитикалық дағдылар. Тарихи деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес мағлұматтарды айыра білу, талдау, оқиғаны елестете білу, жіберіп алған мәліметтерді тауып, оларды қалпына келтіру. Сонымен қатар, нақты және логикалық ойлау қабілеті.

2. Коммуникативті дағдылар. Дискуссияны жүргізу шеберлігі, тарихи мағлұматтарға, негізгі деректерге сүйене отырып, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, өзінің позициясын жеткізу.

3. Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында CASE-те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін-өзі ұстау және т.б.

4. Өзіндік саралау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысуы мүмкін.

Студенттің өз бетінше жұмыс істеу белсенділігін арттыратын оқыту технологиясы- зерттеу әдісі. Дегенмен бұл әдіс кең тараған, әрі ертеден келе жатқан тәсіл. Бұл тарих пәнінде реферат, баяндама жазу барысында кеңінен қолданылысқа түскен әдістердің бірі. Бірақ, бүгінде интернет технологиясының барынша шарықтау кезінде көшірумен шектеліп отырғандығы өкінішті. Сондықтан зерттеу жұмыстарын дұрыс және сауатты орындау үшін оны жазудың негізгі алгоритімін қалыптастыруымыз қажет.

Оқытудың зерттеу әдісін кеңінен пайдалану үшін студенттерді өз бетінше алға қойған мақсаттарға жетуге үйретуіміз керек. Әрі негізгі мақсатқа жету барысында кездесетін түйінді мәселелерді көре білуге бейімдеу. Сондай-ақ зерттеу әдісі барысында студенттердің бойында мәліметтермен, негізгі деректермен жұмыс істеуді қалыптастыру қажет. Ең бастысы студенттердің бойына зерттеу жұмыс жүргізу дағдысын қалыптастыру, алған білімдері мен тәжірибелерін ұсына білуді үйрету және топпен іскерлік қатынаста жұмыс істей білуге дағдыландыру.

Зерттеу жұмысын табысты орындау үшін оқытушы тарапынан зерттеушілерге бағыт-бағдар беруші есебінде төмендегідей кеңестер беру ұсынылады:

- зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі мақсатын айқындау;
- жұмыс тобындағы студенттер санын анықтау;

- зерттеу жұмысының мерзімін белгілеу;
- негізгі мәліметтерді алу көздерімен таныстыру (кітапхана, мұрағат, кеңестер, лекциялар, интернет, арнайы әдебиеттер, негізгі деректер).

Тарихты оқытудағы келесі тиімді инновациялық бағыт-проблемалық оқыту әдісі. Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервергтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д.Дьюн болды. Кейіннен оқытудың осы түріне Д.Бруннер, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов және тағы басқа ғалымдар зор үлес қосты.

Проблемалық оқытудың басқа әдістерден айырмашылығы, әрі тарихы оқытуда тиімді қолданылуы – білім студенттерге дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді студенттердіңөзі тауып, білімді игеруге жол ашады. Проблемалық оқыту тек проблемалы жағдай тудырып қана қоюды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін оқытушы оқушының тақырыпта кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс.

Проблемалық оқыту студенттің танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттілігін дамытады. Тарихи деректерді өз бетінше қызығушылықпен оқуға итермелейді.

Проблемалық оқыту «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдай» деген ұғымдарды қамтиды. Кез-келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Проблемалық жағдайда пайда болған құбылыстар, фактілерді адамның түсіндіре алмай қиыншылық жағдайға ұшырауын айтады. Сондықтан сол қиыншылықтан шығудың жолын қарастырып, іздену іс-әрекетіне көшеді. Проблемалық жауап кезеңінде студенттің іс- әрекеті ойлаумен, пайымдаумен өзбетінше ізденумен сипатталады. Дегенмен оқытушы студентті дұрыс бағыттап, осыған дейін алған білімін пайдаланудың үлкен септігі бар екендігіне көз жеткізуі керек.

Проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды. Проблемалы тапсырмалар студенттің қызығушылығын, білімге іштей құмартушылығын дамытады. Құмартушылық, қызығушылық әрекеттер студентті өздігінен ізденуге жетелейді. Ал бұл өз кезегінде тарихи оқиғаны өз бетінше басқа қырынан зерттеуге көмектеседі.

Проблемалық оқыту әдісінде өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу студенттердің шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады.

Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру бағдарламаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен, ғылым негіздері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған әдістерін оқып- үйренумен де қамтамасыз етіледі. Жаңа құбылыстың мазмұны мен мәні, оның элементтерінің өзара байланысы ғылымда бақылау, сипаттау, түсіндіру, болжау сияқты зерттеу процесінің бірізді кезеңдерін жүзеге асыру барысында ашылады.

Проблемалық оқыту технологиясы бойынша білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың екі әдісі қолданылады: бірінші әдіс - оқытушының түсіндіруін күшейту. Оқытушы өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді, әрі

белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Екінші әдіс - сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында ашады, әрі қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады [2,386]. Сөйтіп, бір жағынан оқытушы неғұрлым күрделі әрі өздігінен оқып үйрену үшін шама жетпейтін жаңа ұғымдарды түсіндірудің сапасына рттырады, екінші жағынан, жеке өзінің түсіндіруінің санына зайтып, оқу проблемаларынан тұратын, сол дәрежеде білім алған студенттердің шамалары ұғымдарды өздігінен оқып үйрену процесі нұйымдастырады.

Проблемалық жағдайды шешуде ойлау қабілеті ең негізгі мәнге ие. Бұл оқыту технологиясында ойлау қабілетінің үш негізгі түрі де басшылыққа алынады: түсіну, талқылау, ойды тұжырымдау. Түсінік оқиғаның немесе жағдаяттың желісін, мәнін түсіндірсе, талқылау болған оқиғаны қарама-қайшылықты тұрғыдан ой елегінен өткізуге көмектеседі. Ал ойды тұжырымдау барысында бірнеше жағдаяттарды тұжырымдай келе, басқа шешімге келуге болады.

Қорыта келгенде, жоғарыда қамтылған оқытудың инновациялық бағыттарының кез-келгені тарих пәнін үйретуде үлкен септігін тигізеді. Тарих пәніне деген білімгерлердің қызығушылық белсенділігін арттыра түседі. Жалпы тарих пәнін оқытудағы интерактивті әдіс төмендегідей нәтижелер береді:

- студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- оқу үдерісінде студенттің белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- оқу материалдарын тиімді қолдануға әрекет ету;
- студенттерге жан-жақты әсер ету;
- кері байланыс ұсыну (аудиторияның жауабы);
- студенттер арасында пікірлер мен көзқарас қалыптастыру;
- өмірлік дағдыларды қалыптастыру;
- мінез-құлқының өзгеруіне ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Проблемное и программированное обучение. Под ред. Т. В. Кудрявцева и А. М. Матюшкин. М.,»Советская Россия», 1973, 258с.
2. М.И.Махмутов, Проблемное обучение. Основные вопросы теории, Педагогика, Москва, 1977, 386с.
3. Жанатаева К.Б. «II дүниежүзілік соғыста Жапонияның жеңіске жету мүмкіндігі» атты ашық сабақ материалы. 27.03.2012 ж. уақыты: 10.20-11.10 ауд: 546 пәні : ААЕТ: қазіргі заман мамандығы: шығыстану курс:3